



ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМЕН ӨЗАРА
ӘРЕКЕТТЕСУ ЖӘНЕ
ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ ӨНІМДЕРДІ
ЭТИКАЛЫҚ ТҰРҒЫДАН ІЛГЕРІЛЕТУ



АЛКАЛОИД
СКОПЈЕ

Денсаулық бәрінен жоғары

МАЗМҰНЫ

1. КІРІСПЕ ЖӘНЕ МАҚСАТ	2
2. ПРЕАМБУЛА	2
3. АНЫҚТАМАЛАР	3
4. КОДЕКСТІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ	5
5. ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ ЖӨНІНДЕГІ НЕГІЗГІ НҰСҚАУЛЫҚТАР	6
5.1 ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МЕН МЕДИЦИНАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫ ӘР ТҮРЛІ ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ ЖӘНЕ КЕҢЕС БЕРУ ҮШІН ТARTУ	6
5.2 ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН ҒЫЛЫМИ АҒARTУ	7
5.3 КӘСІБИ ІС-ШАРАЛАР МЕН ІСКЕРЛІК ҚОНАҚЖАЙЛЫЛЫҚ	8
5.4 АЛКАПОИД АД СКОПЬЕ КӘСІПОРНЫНА САПАРЛАР	9
5.5 ІС-ШАРАЛАРҒА ДЕМЕУШІЛІК КӨРСЕТУ	9
5.6 ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ	10
5.7 ҒЫЛЫМИ МАТЕРИАЛДАР, МЕДИЦИНАЛЫҚ МАҚСАТТАҒЫ ЗАТТАР ЖӘНЕ КӘДЕСЫЙ ӨНІМІ	10
5.8 ӨНІМ ҮЛГІЛЕРІ	11
5.9 АҚПАРАТТЫҚ МАТЕРИАЛДАР	11
5.10 КӘСІБИ ЕМЕС ҰЙЫМДАРМЕН / ПАЦИЕНТТЕР ҚАУЫМДАСТЫҚТАРЫ-МЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ	13
6. ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ ӨНІМДЕРДІ ІЛГЕРІЛЕТУДІҢ ЭТИКАЛЫҚ ӨЛШЕМШАРТТАРЫ	15
7. КӘСІБИ ҚЫЗМЕТТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БАРЫСЫНДА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МЕН ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР	16
8. МАРКЕТИНГТІК ЖӘНЕ ТІРКЕУДЕН КЕЙІНГІ КЛИНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР	18
9. АШЫҚТЫҚ	19
9.1 ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ БЕРУ	19
9.2 ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ БЕРУ ТУРАЛЫ ЕСЕПТІЛІК ӘДІСНАМАСЫ	21
9.3 ДЕРЕКТЕРДІҢ ҚҰПИЯЛЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ТАРАПТАРДЫҢ КЕЛІСІМІ	21
9.4 АҚПАРАТТЫ АШУ ПЛАТФОРМАСЫ	21
10. ЖАҒЫМСЫЗ ЖАҒДАЙЛАР ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАЛАР	22
11. КОДЕКС ТАЛАПТАРЫ БҰЗЫЛҒАН ЖАҒДАЙДАҒЫ РӘСІМДЕР	22
12. КҮШІНЕ ЕНУ ЖӘНЕ БЕЙІМДЕЛУ	24

1. КІРІСПЕ ЖӘНЕ МАҚСАТ

Осы Кодекс АЛКАПОИД компаниясының өз қызметкерлері арқылы денсаулық сақтау саласының кез келген мамандарымен және кез келген медициналық ұйымдарымен өзара әрекеттесуінің барлық аспектілерін реттейді, сондай-ақ, АЛКАПОИД өнімдерін ілгерілету және ақпаратпен жұмыс істеу мәселелерін қамтиды. АЛКАПОИД компаниясының денсаулық сақтау қызметкерлерімен өзара әрекеті тек заңды негіздерде және этикалық қағидаттар аясында жүзеге асырылады, науқастардың игілігі үшін олардың білімдері мен кәсіби дағдыларын жетілдіруге бағытталған. Өзара әрекеттесудің мақсаты – АЛКАПОИД өнімдері туралы тұтынушыларға толық ақпарат жеткізу және ең заманауи білім беру мен ғылыми ақпаратты ұсыну болып табылады.

Денсаулық сақтау қызметкерлеріне ұсынылатын ақпарат - жекелеген кездесулер болсын, не ұйымдастырылған іс-шаралар (конгрестер, семинарлар, білім беру шаралары және т.б.) - дәл, түсінікті, нақты, өзекті, теңгерімді, әділ және толық болуы тиіс, осылайша мәлімет алушы өз пікірін қалыптастыра алатындай болуы қажет. Ақпарат дәрілік заттар мен медициналық өнімдерді ұтымды пайдалануға ынталандыруы тиіс, яғни оларды объективті түрде ұсынуы қажет және адастыратын немесе күмән туғызатын сипатта болмауы керек..

АЛКАПОИД компаниясының денсаулық сақтау қызметкерлерімен өзара іс-қимыл жасау және фармацевтикалық өнімдерді этикалық тұрғыдан ілгерілету жөніндегі кодексі (бұдан әрі - «Кодекс») АЛКАПОИД компаниясының дәрілік заттар мен медициналық бұйымдармен жұмыс істеудегі бірыңғай тәсілін көрсетуге арналған. Бұл тәсіл әрбір өнімнің сипаттамаларына және пациенттердің осы өнімге деген қажеттіліктеріне ғана негізделеді.

2. ПРЕАМБУЛА

Фармацевтикалық өнімдерді тиісті түрде ілгерілету халықаралық ережелерді, сондай-ақ ұлттық деңгейде қабылданған қолданыстағы заңнаманы сақтауды талап етеді.

Кодекс Еуропалық дәрілік заттар агенттігінің мінез-құлық кодексіне (бұдан әрі - «Еуропалық кодекс») негізделген. Еуропалық дәрілік заттар агенттігінің қатысушысы ретінде АЛКАПОИД компаниясы Еуропалық кодексте баяндалған талаптарды қабылдап, оларды осы Кодекске енгізеді.

АЛКАПОИД компаниясының Кодексі дәрілік заттар мен медициналық өнімдерді ілгерілету және маркетинг жүргізуге қатысты ұлттық заңнамалар мен нормативтік актілерге, сондай-ақ АЛКАПОИД компаниясының ішкі ережелеріне сәйкес келеді. Егер ұлттық заңнама одан да қатаң талаптар қойса, АЛКАПОИД компаниясы сол ұлттық талаптарды сақтауға міндетті.

Кодекс АЛКАПОИД компаниясы үшін, оның қызметкерлері атынан медициналық қоғамдастықпен және денсаулық сақтау органдарымен өзара қарым-қатынаста стандарттарды белгілейді. Кодекстің мақсаты дәрілік заттардың бағасын белгілеу, сату және таратуға қатысты коммерциялық шарттар мен талаптарды қарастыру немесе реттеу емес, өйткені бұл мәселелер әрқашан қолданыстағы жергілікті заңнама талаптарына сәйкес болуы тиіс

3. АНЫҚТАМАЛАР

- **АЛКАЛОИД** - АЛКАЛОИД АД Скопье компаниясы және оның бизнес жүргізетін және операциялар жүзеге асыратын елдеріндегі барлық еншілес кәсіпорындары мен өкілдіктері. АЛКАЛОИД АД Скопье компаниясының еншілес кәсіпорны - бұл кәсіпкерлік қызметін жүзеге асырып отырған өзге елдердің заңнамасына сәйкес тіркелген ұйым, оның кемінде 49%-ы АЛКАЛОИД АД Скопье компаниясына немесе оның өзге еншілес кәсіпорнына тиесілі. Бұл ұғым сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзге елдерде тіркелген АЛКАЛОИД АД Скопье компаниясының өкілдіктерін де қамтиды. Осы Кодекс ережелерінің контекстінде, егер нақты ереженің мазмұны талап етсе, АЛКАЛОИД АД Скопье компаниясы немесе оның еншілес кәсіпорындары жекелей түрде де аталуы мүмкін.
- **Медициналық қоғамдастық** – денсаулық сақтау қызметкерлері, ұйымдық-құқықтық формасына қарамастан медициналық ұйымдар мен мекемелер, жеке медициналық тәжірибемен айналысатын кәсіби дәрігерлер, пациенттер және пациенттер қауымдастықтары (пациент ұйымдары).
- **Денсаулық сақтау қызметкері** - дәрігер, медициналық, стоматологиялық, фармацевтикалық немесе медбикелік мамандықтардың өкілі болып табылатын медициналық қоғамдастықтың кез келген жеке тұлғасы немесе өзінің кәсіби қызметі барысында дәрілік препаратты немесе медициналық өнімді тағайындауы, сатып алуы, жеткізуі, ұсынуы немесе қолдануы мүмкін кез келген басқа тұлға. Күмәндерді болдырмау үшін, денсаулық сақтау қызметкерінің анықтамасына мыналар да кіреді: (1) дәрілік заттарды тағайындау, беру, сатып алу немесе рецепт жазу құқығы бар мемлекеттік органның кез келген лауазымды тұлғасы немесе қызметкері, сондай-ақ кез келген басқа ұйымдық-құқықтық формадағы заңды тұлғаның қызметкері; (2) кәсіби

дәрігерлермен өзара әрекеттесетін фармацевтикалық компанияның кез келген қызметкері, оның негізгі қызметі денсаулық сақтау қызметкерінің міндеттерін орындау болып табылатын, бірақ (а) фармацевтикалық компанияның басқа барлық қызметкерлері және (б) дәрілік заттар мен медициналық өнімдердің көтерме саудасы мен таралуымен айналысатын қызметкерлер бұл анықтамаға кірмейді.

- **Медициналық ұйым** - ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан кез келген заңды тұлға, ол: (1) уәкілетті өкілдері арқылы әрекет ететін денсаулық сақтау, медициналық немесе ғылыми ұйым (мысалы, аурухана, госпиталь, клиника, қор, университет немесе басқа оқу орны не ғылыми қоғам); (2) жеке медициналық тәжірибемен айналысатын тұлға. Күмән тудырмас үшін, көтерме саудамен айналысатын ұйымдар, дистрибьюторлар және өзге де ұқсас коммерциялық делдалдар медициналық ұйымдар болып есептелмейді.
- **Медициналық өкілдер** - АЛКАЛОИД компаниясы жалдаған немесе тартқан, АЛКАЛОИД компанияның дәрілік заттары мен медициналық өнімдерін ілгерілету мақсатында медициналық қоғамдастықпен тікелей өзара әрекеттесуді жүзеге асыратын медициналық және коммерциялық өкілдер.

- **Желілік менеджер (басшы)** - медициналық өкілдер топтарын немесе сату мен маркетингтік командалардың басқа да мүшелерін тікелей басқаратын менеджер
- **Қоғамдық ұйымдар / пациенттер қауымдастықтары** – аталған ұйымдардың басқарушы органдарында пациенттер (немесе олардың заңды өкілдері) мен дәрігерлер басым көпшілікті құрайтын, пациенттерге бағытталған коммерциялық емес ұйымдар.
- **Әділ нарықтық құн** – медициналық қауымдастық мүшелерін қызмет көрсетуге тарту үшін берілетін сыйақыны, сондай-ақ демеушілік көмек немесе жарналарды айқындауға арналған өлшем, олар әділ нарықтық құн бойынша бағалануы тиіс

(яғни, тауарлар немесе қызметтер көрсету үшін коммерциялық мәмілелер шеңберінде жақсы ақпараттандырылған тараптар арасындағы адал келіссөздер нәтижесінде төленетін құн). Құн ұсынылатын тауарлар мен қызметтердің сипаты мен сапасын, қызмет көрсететін тұлғаның біліктілігі мен тәжірибесін, географиялық орналасуын, қызмет түрін және осындай қызметтерге жалпы қабылданған баға деңгейін ескеруі тиіс.

- **Қолданылатын жергілікті заңнама** - АЛКАПОИД компаниясы өз қызметін жүзеге асыратын елдегі оған қолданылатын барлық заңдар, қаулылар, ережелер мен стандарттар.



4. КОДЕКСТІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Кодекс денсаулық сақтау қызметкерлеріне ұсынылатын барлық дәрілік препараттар мен АЛКАЛОИД медициналық өнімдеріне қолданылады.

Өз лауазымдық міндеттері шеңберінде және өздерімен жасалған еңбек шарты немесе өзге де келісімнің негізінде медициналық қауымдастықпен немесе денсаулық сақтау қызметкерлерімен өзара әрекеттесетін АЛКАЛОИД компаниясының барлық қызметкерлеріне осы Кодекстің күші таралады.

Барлық қызметкерлер өздерінің еңбек қызметі немесе өзге де кәсіби қызметі барысында осы Кодексте көзделген стандарттарды, ережелер мен талаптарды тікелей қолдануға міндетті және олармен қол қойғызу арқылы танысуы тиіс. Кодекс ережелерін бұзғаны үшін мұндай қызметкерлер, АЛКАЛОИД компаниясы еңбек қызметін жүзеге асырып отырған елдің қолданыстағы ұлттық заңнамасына сәйкес тәртіптік жауапкершілікке (оның ішінде жұмыстан босатуға дейінгі жазаға) тартылуы мүмкін. Сонымен қатар, осы Кодекспен реттелмеген мәселелер бойынша АЛКАЛОИД қызметкерлері іскерлік этика қағидаттары мен нормаларын басшылыққа ала отырып, өздерінің еңбек (немесе өзге де) қызметі саласындағы белгіленген стандарттар мен регламенттерге, сондай-ақ тараптардың

өзара қатынастарын реттеуге қолданылатын ұлттық және халықаралық заңнамаға қатаң сәйкес әрекет етуге міндетті.

Егер қолданыстағы ұлттық заңнама АЛКАЛОИД өкілдерінің медициналық қауымдастықпен өзара әрекеттесу қатынастарын реттеуге қатысты қатаң талаптар мен қағидаларды белгілесе, АЛКАЛОИД компаниясы одан да қатаң ережелерді қолданады.

Осы Кодексті қабылдау арқылы АЛКАЛОИД компаниясы өзінің маркетингтік қызметіндегі этикалық стандарттарға берік екенін және компанияның негізгі құндылықтарына, атап айтқанда, келесілерге адалдығын білдіреді:

- Адамдар бәрінен жоғары,
- Адалдық пен әділдік,
- Үздік нәтижелерге бірге қол жеткізу,
- Құндылыққа негізделген көшбасшылық.

5. ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ ЖӨНІНДЕГІ НЕПІЗГІ НҰСҚАУЛЫҚ

Ұлттық заңнама талаптары мен салалық тәжірибеге сәйкес, АЛКАЛОИД компаниясы денсаулық сақтау қызметкерлерімен немесе медициналық ұйымдармен өзара әрекеттесу барысында ең жоғары этика стандарттары мен іскерлік мінез-құлық нормаларын қамтамасыз етуге ұмтылады.

Желілік менеджерлер мен корпоративтік комплаенс маманы қызметкерлерді жүйелі түрде оқытуға және оларға жергілікті денсаулық сақтау қызметкерлерімен өзара әрекеттесу ережелері туралы өзекті ақпарат ұсынуға жауапты. Аталған тұлғалар қызметкерлердің білім деңгейін және тиісті ережелердің сақталуын жүйелі түрде бақылауға міндетті.

5.1 ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МЕН МЕДИЦИНАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫ ӘР ТҮРЛІ ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ ЖӘНЕ КЕҢЕС БЕРУ ҮШІН ТАРТУ

Қабылданатын шешімдердің сапасын арттыру, кәсіби кеңестер алу және білім деңгейін көтеру мақсатында денсаулық сақтау саласының сарапшыларын тарту қажет.

Медицинаның әртүрлі салаларынан денсаулық сақтау қызметкерлерін тарту пациенттерге де, жалпы медициналық қауымдастыққа да пайдасын тигізеді.

Денсаулық сақтау қызметкерлері немесе медициналық ұйымдар тартылуы мүмкін қызмет түрлеріне мыналар жатады:

- Сараптамалық қорытынды дайындау;
- Консультативтік кеңеске қатысу;
- Медициналық / ғылыми зерттеулерге немесе сынақтарға қатысу;
- Сарапшылардың презентацияларын және / немесе спикерлердің баяндамаларын өткізу;
- Маркетингтік зерттеулерге қатысу;
- Алкалоид өнімдері бойынша ішкі қажеттіліктерге арналған оқыту және тренингтер өткізу;
- Кәсіби және оқу-ағарту мақсатында ұйымдастырылатын ұқсас іс-шараларға қатысу.

Жоғарыда аталған қызметтерді алу үшін денсаулық сақтау қызметкерлерін немесе медициналық ұйымдарды тартуға қатысты нақты және заңды қажеттілік болуы тиіс, бұл ретте келесі талаптардың мүлтіксіз сақталуы шарт:

- денсаулық сақтау қызметкері немесе медициналық ұйым тартылған қызметтер тізбесі, шарттың тараптары үшін көзделген талаптар мен міндеттемелерді көрсете отырып, жазбаша түрде ресімделуі тиіс;
- таңдау алдын ала айқындалған және объективті іріктеу критерийлеріне сәйкес, сондай-ақ АЛКАЛОИД компаниясының нақты қажеттіліктеріне дәл сәйкес келетін денсаулық сақтау қызметкерін немесе медициналық ұйымды тарту арқылы жүзеге асырылуы

тиіс.Таңдауды АЛКАЛОИД компаниясының көрсетілген кеңесшінің қажеттілік критерийлеріне сәйкестігін бағалауға жеткілікті біліктілігі бар жауапты тұлғалар жүзеге асырады.

- тартылған денсаулық сақтау қызметкерлерінің саны анықталған қажеттілікті қанағаттандыруға жеткілікті және негізделген болуы тиіс;
- қызметтер үшін өтемақы әрдайым орынды және негізделген болуы тиіс, әрі ұсынылатын қызметтердің нақты нарықтық құнын көрсетуі қажет;
- АЛКАЛОИД компаниясы консультанттардың қызметін есепке алуы және оларды тиісті түрде пайдалануы тиіс;

АЛКАЛОИД компаниясы өзінің кез келген өніміне қатысты ықпал ету, ынталандыру, артықшылықтар қалыптастыру, тағайындау, сатып алу, жеткізу немесе ұсыну мақсатында денсаулық сақтау қызметкерлерімен және медициналық ұйымдармен қызмет көрсету туралы келісімдер жасамайды және ынтымақтастық орнатпайды.

Төлем тек көрсетілген қызметтер үшін жүргізіледі.

5.2 ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН ҒЫЛЫМИ АҒARTY

Денсаулық сақтау қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін дамыту мен өзектендіруге, сондай-ақ пациенттерге көрсетілетін медициналық көмектің сапасын арттыруға бағытталған мақсатта АЛКАЛОИД компаниясы олардың ғылыми зерттеулерін, медициналық, фармацевтикалық және кәсіби білімдерін қолдауды жүзеге асыра алады.

АЛКАЛОИД компаниясы жоғарыда көрсетілген мәселелер бойынша денсаулық сақтау қызметкерлерімен немесе медициналық ұйымдармен тікелей өзара іс-қимыл жасай алады.

Көрсетілетін қолдау маманның практикалық қызмет саласына тікелей қатысы бар ғылыми немесе медициналық бағытпен байланысты болуы тиіс және келесі шығындарды қамтуы мүмкін: іс-шараға қатысу үшін тіркеу жарналары, жол жүру және тұру шығындары, сондай-ақ негізделген корпоративтік өкілдік шығындары.Ғылыми ағарту тек үшінші тараптар ұйымдастыратын (конгрестер, конференциялар, басқа да кәсіби іс-шаралар) немесе АЛКАЛОИД компаниясы ұйымдастыратын кәсіби іс-шаралар шеңберінде ғана, егер олардың ғылыми және кәсіби мазмұны денсаулық сақтау қызметкері тәжірибе жүргізетін терапевтік салаларға немесе АЛКАЛОИД компаниясының терапевтік бағыттарына тікелей қатысты болса жүзеге асырылады.

АЛКАЛОИД компаниясы денсаулық сақтау қызметкерлерінің жұбайларын, отбасы мүшелерін немесе достарын аталған іс-шараларға қонақ ретінде шақырмауы тиіс және олар корпоративтік өкілдік жеңілдіктерін пайдалана алмайды. АЛКАЛОИД компаниясы өз қаржысына ұйымдастырылатын сапарлар барысында шақырылмаған қонақтардың қатысуын құптамайды.

Ғылыми ағарту қызметтер кешенін қай денсаулық сақтау қызметкері алатыны туралы шешім АЛКАЛОИД компаниясы алдын ала айқындаған, осы қызметкердің ғылыми және кәсіби қажеттіліктерімен тікелей байланысты, сондай-ақ іс-шара бағдарламасының мазмұны мен сапасына сәйкес келетін объективті критерийлерге негізделуі тиіс.

5.3 КӘСІБИ ІС-ШАРАЛАР МЕН ІСКЕРЛІК ҚОНАҚЖАЙЛЫЛЫҚ

АЛКАПОИД компаниясы, денсаулық сақтау саласындағы мамандар және медициналық ұйымдар (егер осы ұйымдардың өкілдері денсаулық сақтау қызметкерлері болып табылса) арасындағы кәсіби іс-шаралар ағартушылық, ғылыми, зерттеу және маркетингтік мақсаттарда ұйымдастырылуы мүмкін.

Орналасуы

АЛКАПОИД компаниясы кездесулерді қатысушылар үшін логистикалық тұрғыдан тиімді және қажетті ресурстармен қамтамасыз етілген орындарда ұйымдастырады. Туристік немесе ойын-сауық сипатымен танымал орындарға басымдық берілмеуі тиіс. Мұндай орындар тек баламалы нысандар болмаған жағдайда және іс-шараның ауқымына, қатысушылар санына, сондай-ақ оны өткізу үшін қажет техникалық мүмкіндіктерге байланысты ғана пайдаланылуы мүмкін.

Өткізу орны

Компания АЛКАПОИД ұйымдастыратын немесе қолдау көрсететін барлық кәсіби іс-шаралар (маркетингтік, ғылыми, кәсіби кездесулер, конгрестер, конференциялар, симпозиумдар және т.б.) кездесу мақсаттарына сәйкес және қолайлы орындарда өткізілуі тиіс. Қолайлы орындарға клиникалық/медициналық мекемелер, оқу орындары, конференц-залдар немесе бизнес-орталықтар, мысалы, бизнес-отельдер немесе конференц-орталықтар және басқа да нысандар жатады. Аса сәнді қонақ үйлер, курорттар, ойын-сауық және демалыс орындары қолайлы деп есептелмейді. Компания АЛКАПОИД кәсіби іс-шараларды Қазақстан аумағында немесе шет елдерде ұйымдастыруға құқылы. АЛКАПОИД

компаниясы елден тыс жерде өтетін кәсіби шараны келесі жағдайларда ұйымдастыра алады немесе демеушілік жасай алады:

а. Шақырылған адамдардың көпшілігі өздерінің кәсіби қызметін Компания АЛКАПОИД орналасқан елден тыс жерде жүзеге асырады, сондықтан мұндай іс-шараны олардың медициналық, ғылыми немесе өзге де кәсіби қызметін жүзеге асырып жатқан елде өткізу шақырылғандар үшін неғұрлым орынды болып табылады.

б. Тиісті дереккөздің немесе сарапшының орналасқан жері, сондай-ақ кәсіби іс-шараның тақырыбы ескеріледі, және осы жағдайларда іс-шараны басқа елде (халықаралық кәсіби іс-шара ретінде) өткізу неғұрлым орынды болып саналады.

Іскерлік қонақжайлылық

Осы Кодекстің 5.3-тармағында көрсетілген іс-шараларды ұйымдастыруға байланысты шығындар ұтымды және негізделген болуы тиіс.

Іс-шараның сипатына байланысты іскерлік қонақжайлылыққа байланысты шығындарға, егер бұл қажет, негізделген және кездесу мақсатына сай болса, қонақүйде тұру, тамақ және сусындар кіруі мүмкін. Егер іскерлік қонақжайлылық кәсіби іс-шарамен байланысты болмаса, мұндай шығындарға жол берілмейді. Бұл шығындар тек іс-шараға қатысушыларға ғана қатысты болуы тиіс және іс-шараның ұзақтығына сәйкес келуі қажет.

Жол жүру

Кәсіби іс-шараларға қатысуға байланысты жол жүру шығындары АЛКАЛОИД компаниясының шығындарын ескере отырып, ең тиімді және тікелей бағыт бойынша жүзеге асырылуы тиіс. Келу және кету, логистика тұрғысынан мүмкін болған жағдайда, әрдайым іс-шараның басталу және аяқталу мерзімдеріне сәйкес келуі қажет. Ұшақ билеттері эконом-класс бойынша брондалуы тиіс; бизнес-класты тек ерекше жағдайларда, бұл дәлелді себептермен расталып, АЛКАЛОИД компаниясының жауапты тұлғалары тарапынан жазбаша түрде мақұлданған жағдайда және/немесе тиісті денсаулық сақтау қызметкерінің / медициналық ұйымның жазбаша сұранысы негізінде ғана пайдалануға болады.

5.4 АЛКАЛОИД АД СКОПЬЕ КӘСІПОРНЫНА САПАРЛАР

Денсаулық сақтау саласындағы мамандар мен қызметкерлердің компанияның өндірістік және ғылыми-зерттеу кәсіпорындары мен объектілеріне баруы сапалы өнімдер мен қызметтерді ұсыну үшін қажетті жоғары стандарттар мен іскерлік операциялардың сапасын жақсы түсінуге көмектеседі. Денсаулық сақтау саласындағы мамандар мен қызметкерлер АЛКАЛОИД кәсіпорындарын аралай отырып, АЛКАЛОИД компаниясы қолдайтын жоғары стандарттармен танысуға, осылайша өнім сапасына өзара сенімді нығайтуға мүмкіндік алады.

Компания кәсіпорындарына бару ағартушылық және ақпараттық құндылық болуы тиіс және денсаулық сақтау қызметкерлеріне тиісінше әсер етпейтін құрал ретінде ешқашан қарастырылмауы керек.

Компанияның өндірістік және ғылыми-зерттеу кәсіпорындарына бару

барлық тиісті корпоративтік бөлімшелермен бірлесе отырып әзірленген нақты күн тәртібіне негізделуі тиіс. Күн тәртібінде іс-шараның нақты ұзақтығы мен оны іске асыруға жауапты тұлғалар нақты көрсетілуі қажет. Сапар барысында барлық корпоративтік стандарттар, сондай-ақ, тиісті өндірістік практика стандарттары сақталуы міндетті.

5.5 ІС-ШАРАЛАРҒА ДЕМЕУШІЛІК КӨРСЕТУ

Қолданыстағы жергілікті заңнамаға сәйкес, АЛКАЛОИД компаниясы үшінші тараптар ұйымдастырған және денсаулық сақтау қызметкерлеріне арналған іс-шаралар мен жобаларды, кездесулерді демеушілік жолымен қолдай алады, егер бұл іс-шаралар АЛКАЛОИД компаниясының терапевтік бағыттарына және оның бизнес-процестеріне қатысты болса. Өз қолдауын мойындау белгісі ретінде АЛКАЛОИД компаниясы коммерциялық ақпараттық мүмкіндіктерді, стендтер мен көрме орындарын пайдалана алады, дистрибьюторлық немесе ақпараттық материалдарды ұсына алады, корпоративтік брендтерін баннерлер мен материалдарда орналастыра алады және т.б.

Демеушілік туралы шешім қабылдамас бұрын іс-шараның сипатын, оның бағдарламасының мазмұнын және жоспарланған тақырыптарын нақтылап алу, сондай-ақ іс-шарамен байланысты іскерлік қонақжайлық шығындарын ескеру қажет.

Кез келген іс-шараларға немесе кездесулерге қатысу немесе оларды ұйымдастыру, мейлі ол медициналық мақсатта, мейлі өнімді ілгерілету мақсатында болсын, Компания үшін ұсынылатын контенттің ғылыми және медициналық аспектілеріне нақты бағытталған болуы тиіс.

Құқықтық шектеулерге байланысты жүзеге асыруға болмайтын қызметті жанама түрде қаржыландыру әдісі ретінде демеушілікті пайдалану тыйым салынады. АЛКАЛОИД компаниясы денсаулық сақтау қызметкерлеріне арналған ойын-сауық немесе бос уақытты өткізу іс-шараларын қаржыландыратын немесе қолдайтын демеушілікті ұсынбайды.

5.6 ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Әлеуметтік жауапты компания ретінде АЛКАЛОИД қоғамның денсаулығы мен өмір сүру сапасын жақсартуға үнемі өз үлесін қосып келеді.

Гранттар / қайырымдылық түріндегі жарналар тек танылған қайырымдылық, қоғамдық ұйымдарға және коммерциялық емес мекемелерге берілуі мүмкін, бірақ ешқашан жеке тұлғаларға немесе коммерциялық ұйымдарға ұсынылмайды.

Жарналар ғылыми зерттеулер жүргізу, медициналық білім беру, пациенттерді оқыту, медициналық қызметке қол жеткізуді қамтамасыз ету және денсаулық сақтау жүйесінің жалпы дамуына бағытталған қаржылық немесе басқа нысандағы қайырымдылық түрінде ұсынылуы мүмкін. АЛКАЛОИД компаниясы сондай-ақ әртүрлі қайырымдылық бастамаларды қолдай алады.

Жарналар ерікті негізде жүзеге асырылады және мекеме тарапынан қажеттіліктерін, бағдарламасын немесе жобасын, сондай-ақ жоспарланған бюджетті егжей-тегжейлі сипаттайтын сұраныс негізінде беріледі. Жобаның / бағдарламаның барлық егжей-тегжейі жазбаша түрде баяндалуы тиіс. АЛКАЛОИД компаниясы бөлінген қаражаттың қалай пайдаланылатынын толық түсінуді қамтамасыз етуі қажет.

Медициналық ұйымдарға берілетін жарналар денсаулық сақтау саласындағы

мақсаттарға, мысалы, зерттеулер жүргізу мен білім беруді арттыруға бағытталуы тиіс және олар тиісті түрде құжатталып, тіркелуі қажет. Қайырымдылықтар ешқашан медицина қызметкеріне немесе медициналық ұйымға ықпал ету құралына айналмауы тиіс, сондай-ақ зерттеу нәтижелеріне немесе қайырымдылық алушыларға (шектеусіз гранттар) әсер етпеуі керек.

Заңды зерттеу және/немесе білім беру гранттарынан басқа, жеке медицина қызметкерлеріне қайырымдылықтар / гранттар беруге жол берілмейді. Сондай-ақ нақты жұмыс жобасына байланысы жоқ шектеусіз жарналар медициналық ұйымдарға ұсынылмауы тиіс.

5.7 ҒЫЛЫМИ МАТЕРИАЛДАР, МЕДИЦИНАЛЫҚ МАҚСАТТАҒЫ ЗАТТАР ЖӘНЕ КӘДЕСЫЙ ӨНІМІ

АЛКАЛОИД компаниясы қолданылатын ережелер мен талаптарды ескере отырып, кей жағдайларда медицина қызметкерлеріне ғылыми және жарнамалық материалдарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды, сондай-ақ АЛКАЛОИД логотипі бар қымбат емес кәдесыйларды ұсына алады.

Аталған заттар медицина қызметкерлерінің кәсіби міндеттеріне сәйкес келуі және түптеп келгенде пациенттерге пайдасын тигізуі, олардың емделуіне көмектесуі, сондай-ақ медициналық немесе фармацевтикалық тәжірибеге жәрдемдесуі тиіс. Мұндай заттар ешқашан медицина қызметкерінің жеке пайдасы үшін ұсынылмауы тиіс және ола

АЛКАЛОИД компаниясының дәрілік заттары мен медициналық өнімдерін ұсынғаны, рецепт жазғаны, сатып алғаны немесе сатқандығы үшін ынталандыру құралы ретінде қолданылмауы керек.

АЛКАЛОИД компаниясы медициналық тәжірибе шығындарын азайтуы мүмкін қымбат емес кәдесыйларды немесе медициналық мақсаттағы бұйымдарды ұсынбауы тиіс. Сондықтан күнделікті медициналық практикада қолданылатын медициналық жабдықтарды (мысалы, тіл басқыштар, латекс қолғаптар және т.б.) беру рұқсат етілмейді. Сондай-ақ қайта сату немесе табыс алу мақсатында пайдаланылуы мүмкін заттарды ұсынуға тыйым салынады. АЛКАЛОИД компаниясы құны бар сыйлықтарды (соның ішінде ақшалай қаражатты) немесе кез келген материалдық игіліктерді ұсынбайды. Медициналық мақсаттағы бұйымдар, материалдар немесе кәдесый өнімдері медицина қызметкерлеріне АЛКАЛОИД қызметі туралы ақпарат беру мақсатында ұсынылады, яғни олар жарнамалық / ғылыми / ағартушылық құндылыққа ие болуы тиіс.

Медицина қызметкерлеріне арналған ғылыми материалдар, медициналық мақсаттағы бұйымдар немесе қымбат емес кәдесыйлар қолданылып жүрген жергілікті заңнамаға сәйкес АЛКАЛОИД логотипін, өнімнің тіркелген тауарлық атауын (брендін) және / немесе оның халықаралық патенттелмеген атауын қамтуы мүмкін.

5.8 ӨНІМ ҮЛГІЛЕРІ

Дәрілік заттардың үлгілері тек ерекше жағдайларда ғана, АЛКАЛОИД өнімдерімен медицина қызметкерлерін таныстыру мақсатында ұсынылуы мүмкін. Пациенттерге тапсыру үшін дәрілік препараттардың үлгілерін беру, ұлттық заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, рұқсат етілмейді.

Дәрілік заттардың үлгілері медицина қызметкеріне табыс әкелмеуі тиіс және оларды қайта сату немесе тікелей өз пациенттеріне беруіне жол берілмейді. Медицина қызметкерлері тиісті түрде ақпараттандырылуы тиіс, ал қаптамада бұл дәрілік препараттың сатуға арналмағаны анық көрсетілуі қажет.

Үлгілерді ұсыну осындай жағдайлардың саны мен жиілігіне қатысты қолданыстағы ережелермен және құқықтық шектеулермен реттеледі және тек медицина қызметкерінен алдын ала жазбаша сұрау салу болған жағдайда жүзеге асырылады.

АЛКАЛОИД компаниясы медициналық өкілдеріміз қолданатын тегін үлгілерді тарату жүйесін тиісті деңгейде бақылауға алған. Егер бұл олардың жауапкершілігіне кіретін болса, медициналық өкілдер үлгілермен жұмыс істеу және оларды есепке алу бойынша тиісті даярлықтан өтуі тиіс.

Үлгілерді белгілі бір дәрілік препаратты ұсынуға, жазып беруге, сатып алуға, сатуға, тағайындауға немесе емдеуді бастауға ынталандыру құралы ретінде пайдалануға болмайды.

5.9 АҚПАРАТТЫҚ МАТЕРИАЛДАР

АЛКАЛОИД компаниясы қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіпте және көлемде компания мен рецептсіз дәрілер туралы ақпаратты ашық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер арқылы тарата алады

Рецепт арқылы босатылатын (Rx) дәрілік заттарды ілгерілету тек қана денсаулық сақтау саласының қызметкерлеріне арналған және ол кәсіби әдебиеттерде, кәсіби журналдарда, кәсіби интернет-платформаларда және басқа да кәсіби басылымдарда ақпарат орналастыру арқылы, сондай-ақ денсаулық сақтау қызметкерлері мен АЛКАЛОИД компаниясының мамандары (медициналық өкілдер, тікелей басшылар мен өнім менеджерлері) арасындағы тікелей ақпарат алмасу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

АЛКАЛОИД компаниясы әзірлеген ақпараттық материалдар (баспа, электронды немесе ауызша түрде) анық, оқуға ыңғайлы, нақты, өзекті, теңгерімді, әділ және толық болуы тиіс, осылайша денсаулық сақтау маманы дәрілік өнімнің терапевтік құндылығы туралы өзіндік пікір қалыптастыра алады. Бұл материалдар жалған ақпарат бермеуі, дәрілік заттарды орынды қолдануды ынталандыруы, объективті және асыра мақтаусыз ұсынылуы тиіс.

АЛКАЛОИД компаниясының дәрілік заттары мен медициналық өнімдері туралы ақпараттық материалдары және олардың терапевтік мақсаттағы қолданылуын сипаттайтын материалдар дәрілік заттың соңғы бекітілген Қолдану нұсқаулығына және қолданыстағы жергілікті заңнамаға сәйкес дайындалады.

Ілгерілету мен салыстыруда қолданылатын негізгі хабарламалар өзекті болуы, ғылыми дәлелдермен расталуы, клиникалық тұрғыдан маңызға ие болуы және бекітілген көрсетілімдерге сәйкес келуі тиіс. Тіркелмеген көрсетілімдер бойынша (off-label) ақпараттық хабарламаларға рұқсат етілмейді.

АЛКАЛОИД компаниясының ақпараттық материалдарына енгізілетін барлық иллюстрациялар, оның ішінде диаграммалар, суреттер және кестелер, жарияланған зерттеулерден алынған жағдайда:

- дереккөзі нақты және анық көрсетілуі тиіс;
- түпнұсқаның мағынасына барынша сай келуі керек (нақты дәлдікпен қайталануы тиіс), тек бейімдеу қажет болған жағдайларды қоспағанда, мұндай бейімделу тиісті түрде көрсетілуі тиіс.

Басқа фармацевтикалық өнімдермен салыстыру тек салыстырмалы деректерге негізделуі керек және аталған барлық дәрілік заттардың қолдану нұсқаулықтарының мазмұнына қайшы келмеуі тиіс. Салыстырмалы деректерді қамтитын материалдар бастапқы дереккөзге сілтемемен расталуы және объективті түрде ұсынылуы керек.

Ақпараттық материалдардағы салыстырмалы деректер объективті фактілерге негізделіп, тиісті дереккөзге сілтеме арқылы расталуы тиіс.

Компания АЛКАЛОИД тарапынан дайындалған барлық ақпараттық материалдар мен фармацевтикалық өнімдерге қатысты ақпарат тарату мен пайдалануға дейін Медициналық және портфельдік мәселелер жөніндегі корпоративтік бөлімнің қызметкерлерімен, сондай-ақ тиісті филиалдардың жауапты тұлғаларымен бірлесіп, компанияда белгіленген рәсімге сәйкес тексеріліп, бекітілуі тиіс.

Ақпараттық материалдарды дайындау барысында АЛКАЛОИД компаниясы үшінші тараптардың зияткерлік меншік құқықтарының сақталуын қамтамасыз етеді.

5.10 КӘСІБИ ЕМЕС ҰЙЫМДАРМЕН / ПАЦИЕНТТЕР ҚАУЫМДАСТЫҚТАРЫ- МЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ

Компания АЛКАЛОИД-тың пациенттермен және қоғамдық ұйымдармен/пациенттер қауымдастықтарымен өзара әрекеті әрқашан ЕО нормативтері мен жергілікті заңнама талаптарына сәйкес болуы тиіс. Рецепт бойынша берілетін дәрілердің жарнамасын халыққа таратуға тыйым салынады.

- Жазбаша келісімдер

Әлеуметтік жауапкершілікті компания ретінде АЛКАЛОИД компаниясы денсаулық сақтау жүйесіне немесе қоғамға әлеуметтік немесе өзге де пайда келтіру мақсатында, жергілікті заңнама мен осындай ұйымдардың жарғыларына сәйкес рұқсат етілген нысанда, пациенттер ұйымдары мен қауымдастықтарына қаржылық және / немесе қаржылық емес қолдау көрсете алады. Ол үшін компания қаржыландыру сомасы мен мақсаты немесе қаржылық емес қолдаудың сипаттамасы көрсетілетін жазбаша келісім жасасуға тиіс.

- Логотиптер мен фирмалық белгілерді пайдалану

Егер АЛКАЛОИД компаниясы пациенттер ұйымының / қауымдастығының логотипі мен / немесе фирмалық белгілерін пайдалануды жоспарласа, мұндай пайдалануға сол ұйымның / қауымдастықтың жазбаша рұқсаты қажет. Мұндай рұқсат сұралған кезде логотип пен басқа да фирмалық белгілердің нақты қандай мақсатта және қалай пайдаланылатыны нақты көрсетілуі тиіс.

- Редакциялық бақылау

АЛКАЛОИД компаниясы пациенттер ұйымының / қауымдастығының

қызметіне немесе олардың материалдарының мазмұнына АЛКАЛОИД компаниясының коммерциялық мүдделеріне пайда әкелетіндей кез келген түрде әсер етуге тиіс емес. Бұл АЛКАЛОИД компаниясына кейбір фактілік қателіктерді түзетуге кедергі келтірмейді. Сонымен қатар, пациенттер ұйымдарының / қауымдастықтарының сұранысы бойынша АЛКАЛОИД компаниясы ғылыми және басқа да мәтіндерді әзірлеуге әділ әрі теңгерімді ғылыми көзқарас негізінде қатыса алады.

- Келісімшарт бойынша көрсетілетін қызметтер

АЛКАЛОИД компаниясы мен пациенттер ұйымдары / қауымдастықтары арасында олар АЛКАЛОИД компаниясына қызмет көрсететін шарттар тек денсаулық сақтауды және ғылыми зерттеулерді қолдау мақсатында ғана рұқсат етіледі. Осы тұрғыда, АЛКАЛОИД компаниясы кәсіби қызметтер көрсету мақсатында пациенттер ұйымдарының / қауымдастықтарының мүшелері болып табылатын сарапшыларды немесе кеңесшілерді тартуы мүмкін. Консультациялық немесе өзге де қызметтерді қамтитын келісімдер келесі талаптарға сәйкес болуы тиіс:

- а. Ұйымды / қауымдастықты тартпас бұрын, көрсетілетін қызметтердің сипаты мен АЛКАЛОИД компаниясы тарапынан ақы төлеу негіздері көрсетілген жазбаша шарт жасалады;
- б. Қызметтерге заңды қажеттілік қызметтерге сұраныс жасалмас бұрын және шартқа қол қойылғанға дейін нақты айқындалып, құжатталуы тиіс;
- в. Қызметтерді таңдау критерийлері нақты қажеттілікпен тікелей байланысты және АЛКАЛОИД компаниясынан қызметтерді таңдауға жауапты тұлғалар осы өлшемшарттарға сәйкес келетін нақты сарапшылар мен консультанттарды бағалау үшін қажетті құзыреттерге ие болуы керек;
- г. Қызмет көлемі бар қажеттілікті қанағаттандыру үшін негізделген көлемнен аспауы тиіс;

- д. АЛКАЛОИД компаниясы көрсетілген қызметтерді есепке алып, оларды тиісті түрде пайдаланады;
- е. Пациенттер ұйымы / қауымдастығын тарту АЛКАЛОИД компаниясының портфеліндегі белгілі бір дәрілік препаратты ұсынуға ынталандыру болып саналмайды;
- ж. Қызметтер үшін өтемақы негізделген болуы керек және көрсетілген қызметтердің әділ нарықтық құнынан аспауы тиіс;
- з. АЛКАЛОИД компаниясы пациенттер ұйымының / қауымдастығының

немесе оның негізгі бағдарламаларының бірінің бірден-бір демеушісі болуды талап ете алмайды;

и. Пациенттер ұйымдары / қауымдастықтарымен жасалатын жазбаша келісімшарттарға АЛКАЛОИД компаниясы ұйымның / қауымдастықтың АЛКАЛОИД компаниясына ақылы қызметтер көрсеткенін жариялау міндеттілігі туралы баптарды енгізуі тиіс. Бұл міндеттеме ұйым немесе қауымдастық келісімнің тақырыбына қатысты немесе АЛКАЛОИД компаниясымен байланысты кез келген басқа мәселе бойынша жазған кезде немесе қоғамдық сөйлеген кезде қолданылады.

6. ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ ӨНІМДЕРДІ ІЛГЕРІЛЕТУДІҢ ЭТИКАЛЫҚ ӨЛШЕМШАРТТАРЫ

АЛКАЛОИД компаниясының дәрілік заттары мен медициналық өнімдерін насихаттау әрқашан дәл, теңгерімді және этикалық талаптарға сай болуы керек, әрі денсаулық сақтау қызметкерлерін адастыруға жол берілмеуі тиіс. Біздің ақпараттық материалдарымызда берілген мәліметтер өнімдерімізді қолдану артықшылықтары мен тәуекелдері туралы объективті түсінік береді және Дәрілік заттарды қолдану нұсқаулығындағы ақпаратпен сәйкес келеді.

АЛКАЛОИД компаниясы дәрілік заттарды ақылға қонымды пайдалануын қолдайды және оларды объективті және артық көрсетусіз ұсынады.

- Медициналық қызметкерлермен өзара әрекеттесу кезінде тек тіркеу куәлігі бар өнімдер ғана ілгерілетілуде болуы мүмкін;
- Өнім тек бекітілген көрсетілімдер және бекітілген Дәрілік затты қолдану нұсқаулығында көрсетілген басқа мәліметтер аясында ғана ілгерілетіледі;
- Өнімдерді объективті түрде ұсыну арқылы және олардың қасиеттерін асыра айтпай, өнімдерді рационалды пайдалану ынталандырылады.

Өртүрлі дәрілік заттарды салыстыру ғылыми деректермен негізделген, тиісті және салыстырмалы параметрлерге сүйене отырып жүргізіледі.

Адал емес бәсекелестікке жол берілмейді. АЛКАЛОИД компаниясы коммерциялық және өзге де ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді, сондай-ақ кәсіби қызмет барысында пациенттердің дербес деректерін алған жағдайда, олардың қорғалуына жауапкершілікпен қарайды.

АЛКАЛОИД компаниясының медициналық өкілдері денсаулық сақтау қызметкерлерімен өзара әрекеттесу кезінде қызметтік міндеттерін орындай отырып, барлық тиісті салалық стандарттарды, қолданыстағы жергілікті заңнаманы, сондай-ақ басқа да қолданылатын ережелер мен регламенттерді сақтауы тиіс. Біз олардан өз міндеттерін жауапкершілікпен және этикалық талаптарға сай орындауын, кездесулердің жиілігі мен ұзақтығын денсаулық сақтау қызметкерлері мен пациенттердің наразылығын туындатпайтындай деңгейде ұйымдастыруын күтеміз. АЛКАЛОИД компаниясының медициналық өкілдері денсаулық сақтау қызметкерлеріне арналған промоциялық іс-шаралар кезінде әрдайым әдептілік пен компания стилінің қағидаларын ұстанады. Қызметкерлер өнімдерімізді жазып беруге, ұсынуға немесе сатып алуға ықпал ету мақсатында қандай да бір құнды заттарды ұсынуға немесе сыйлауға тікелей немесе жанама ниетпен жол бермеуі тиіс.

7. КӘСІБИ ҚЫЗМЕТТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БАРЫСЫНДА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МЕН ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Дәрілік заттар мен медициналық өнімдерді ілгерілету тиісті аумақта қызмет жүргізетін елдің нормативтік құқықтық актілерін және осы Кодекстің ережелерін толық көлемде сақтауға міндетті маркетингтік командалар арқылы жүзеге асырылады.

- АЛКАЛОИД компаниясы өз медициналық өкілдерінің барлығына, соның ішінде үшінші тарап арқылы жұмысқа алынған қызметкерлерге, сондай-ақ АЛКАЛОИД атынан немесе АЛКАЛОИД-пен жасалған тиісті келісімдер аясында денсаулық сақтау қызметкерлерімен, дәріханалармен, ауруханалармен немесе өзге де медициналық ұйымдармен ынтымақтасатын және дәрілік заттар мен медициналық құралдарды ілгерілетуге қатысатын барлық өзге тұлғаларға қолданылатын кодекстің ережелері туралы, сондай-ақ барлық өзге де қатысты заңдар мен қаулылар туралы толық ақпаратты ұсынады.
- АЛКАЛОИД компаниясының медициналық өкілдері тиісті дайындықтан өткен және дәрілік заттар мен медициналық өнімдер туралы дәл әрі толық ақпарат ұсына алатындай жеткілікті ғылыми білімге ие, алған білімдерін дәрігерлер мен медициналық ұйымдарға жеткізеді.
- Медициналық өкілдер әрдайым корпоративтік кодекс пен сала стандарттарының талаптарына, сондай-ақ өздері жұмыс істейтін елдің қолданыстағы заңдары мен нормативтік актілеріне сәйкес әрекет етуі тиіс,

ал компания заңнаманың сақталуына жауапты болып табылады.

- Медициналық өкілдер өз міндеттерін жауапкершілікпен және этикалық тұрғыдан орындауға міндетті. Олар өз қызметін солай ұйымдастыруы керек, яғни кездесулердің жиілігі, уақыты, ұзақтығы және өткізу әдісі екінші тарапқа ыңғайсыздық тудырмауы және мүмкіндіктер мен жағдайларға сай икемделуі тиіс.
- Денсаулық сақтау қызметкерімен әрбір кездесу кезінде және қолданыстағы заңдар мен нормативтік актілерге сәйкес, медициналық өкілдер Дәрілік затты немесе медициналық құрылғыны қолдану жөніндегі нұсқаулықты әрқашан өзімен бірге алып жүруі, қажет болған жағдайда немесе сұраныс бойынша оны көрсетуі және беруі міндетті.
- Медициналық өкілдер өз қызметі барысында денсаулық сақтау қызметкерлерінен немесе өзге тұлғалардан алған, дәрілік затты қолдану нұсқаулығында көрсетілмеген және АЛКАЛОИД компаниясының дәрілік заттарына қатысты ақпаратты тиісті филиалдың фармокологиялық қадағалау менеджеріне жеткізуі тиіс. Бұл талап дәрілердің жағымсыз жанама әсерлері туралы ақпаратқа қатысты міндетті болып табылады.
Барлық дәрілердің жағымсыз жанама әсерлері туралы есептер тиісті елдегі фармокологиялық қадағалау жауапты тұлғасына жолданады.

- Медициналық өкілдер денсаулық сақтау қызметкерлерімен қарым-қатынас кезінде ешқандай сендіру немесе алдау әдістерін қолданбауы тиіс. Қабылдау кезінде немесе қабылдауға жазылу барысында медициналық өкілдер өздерінің жеке басы немесе АЛКАЛОИД компаниясына қатыстылығы туралы денсаулық сақтау қызметкерлерін адастырмауы қажет.
- Осы ережелер денсаулық сақтау қызметкерлері мен медициналық ұйымдар арасында дәрілерді ілгерілетуге бағытталған медициналық өкілдердің барлық қызметіне қолданылады.
- АЛКАЛОИД АД Скопье компаниясы медициналық мәселелер және Компанияның портфолиосы бойынша корпоративтік бөлім құрды, оны компания өнімдерімен байланысты аудитке жауапты дәрігер басқарады. Бұл бөлім сонымен қатар қолдану нұсқауларында көрсетілмеген препараттар мәселелерімен айналысады.
- АЛКАЛОИД компаниясының барлық қызметкерлері мен үшінші тарап арқылы жұмысқа алынған, ақпараттық материалдарды дайындауға немесе ілгерілету іс-шараларын бекітуге қатысатын қызметкерлер осы Кодексте және тиісті заңдар мен нормативтік актілерде көрсетілген талаптармен толық таныс болуы тиіс.

8. МАРКЕТИНГТІК ЖӘНЕ ТІРКЕУДЕН КЕЙІНГІ КЛИНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

• ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ЖӘНЕ БАСҚА МАРКЕТИНГ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Егер қолданыстағы жергілікті заңнама рұқсат етсе, медициналық өкілдер маркетингтік және эпидемиологиялық зерттеулер жүргізуге жәрдемдесе алады.

Маркетингтік және эпидемиологиялық зерттеулерге қатысуға рұқсат / мақұлдау қолданылатын ережелер мен талаптарға сәйкес жергілікті басшылық тарапынан алынуы тиіс.

Медициналық өкілдер деректерді электрондық түрде немесе қағаз тасымалдағыштарда жинап, зерттеуді жүргізуге жауапты болып тағайындалған тұлғаға тапсыра алады. Медициналық өкілдерді маркетингтік зерттеулерге тарту өнімдерді жылжытуға байланысты қызметтен нақты түрде бөлінуі тиіс, сондай-ақ қажет болған жағдайда басшылықтың және уәкілетті органдардың мақұлдауына ие болуы қажет.

• ТІРКЕУ КУӘЛІГІ БАР ДӘРІЛІК ПРЕПАРАТТАРҒА ҚАТЫСТЫ ПОСТМАРКЕТИНГТІК (ИНТЕРВЕНЦИЯЛЫҚ ЕМЕС) ЗЕРТТЕУЛЕР

АЛКАЛОИД компаниясы нақты елдің қажеттіліктері мен талаптарына сәйкес интервенциялық емес постмаркетингтік клиникалық зерттеулер жүргізуді қолдайды.

Мұндай зерттеулер жергілікті заңнама талаптарына толық сәйкес әзірленіп, АЛКАЛОИД АД Скопье компаниясының медициналық мәселелер және портфолио бойынша Корпоративтік бөлімімен бірлесе отырып жүргізілуі тиіс.

9. АШЫҚТЫҚ

Ашықтықты компанияның негізгі корпоративтік құндылықтарының бірі ретінде қолдана отырып, АЛКАПОИД компаниясы өз іскерлік қызметінің шынайылығын жұртшылық пен қоғамға ашық түрде жеткізеді, сондай-ақ этикаға сай келмейтін және заңсыз әрекеттердің алдын алуға бағытталған жағдайлар мен тетіктерді орнатады. Ашықтықтың арқасында біз қабылдайтын барлық шешімдердің дұрыс, рұқсат етілетін және дәйекті екеніне толық сенімдіміз.

АЛКАПОИД компаниясы денсаулық сақтау саласының барлық қызметкерлері мен медициналық ұйымдарға қатысты барлық міндеттемелерді, төлемдерді және берілген құндылықтарды нақты белгіленген форматтарда мұқият тіркеп отырады. АЛКАПОИД компаниясы қолданыстағы нормативтік актілерге сәйкес осы мәліметтерді тиісті платформаларда көпшілікке жариялайды немесе тікелей уәкілетті органдарға ұсынады.

Сонымен қатар, АЛКАПОИД компаниясы мен пациенттер ұйымдары/қауымдастықтары арасындағы ашық қарым-қатынас пен өзара әрекеттесу этикаға жат және заңсыз мінез-құлықтың алдын алуға маңызды болып табылады. Осы мақсатта, АЛКАПОИД компаниясы қолданыстағы талаптарға сәйкес, қаржылай және/немесе қаржылай емес қолдау көрсетілетін пациенттер ұйымдары/қауымдастықтарының тізімін көпшілікке жариялайды. Бұл тізімде қолдаудың сипаты мен қызметтердің қысқаша сипаттамасы және қаржылай қолдаудың сомасы нақты ақшалай көрсетілуі тиіс.

(тікелей немесе өзінің нұсқауымен әрекет ететін үшінші тұлға арқылы жанама түрде) денсаулық сақтау қызметкеріне, медициналық ұйымға немесе пациенттер ұйымына ұсынатын қандай да бір құнды нәрсе болып табылады. Оған тамақтану, жол шығындары, өкілдік шығындар сияқты материалдық және материалдық емес пайда түрлері кіреді.

АЛКАПОИД компаниясы денсаулық сақтау қызметкерлеріне және медициналық ұйымдарға берілген барлық құндылықтарды тіркеп, мәліметтер базасын жүргізеді. АЛКАПОИД компаниясының уәкілетті құрылымдары осы құндылықтар туралы есептерді ағымдағы жылдың 15 ақпанына дейін, өткен күнтізбелік жылды қамтитын есепті кезең бойынша, АЛКАПОИД компаниясының комплаенс саласындағы корпоративтік маманына және комплаенс сақталуына жауапты Корпоративтік комиссия мүшесіне ұсынады.

АЛКАПОИД компаниясы барлық берілген құндылықтар туралы құжаттаманы жүргізіп, олар көрсетілген есепті кезеңнен кейінгі бес жыл бойы сақтайды. Егер жергілікті ережелер талап етсе, АЛКАПОИД компаниясы құндылықтарды беру туралы мәліметтерді тиісті платформаларда (веб-сайттарда) немесе уәкілетті органдарға жергілікті заңнамада белгіленген тәртіппен, сондай-ақ құндылықтар берілген тұлғалармен жасалған келісімдерге сәйкес (ұйымдық-құқықтық формасына қарамастан) жариялауға міндетті, мұнда төменде көрсетілген санаттарға жататын берілген құндылықтардың көлемі көрсетіледі.

9.1 ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ БЕРУ

Құндылықтарды беру - АЛКАПОИД компаниясы

1. Денсаулық сақтау қызметкерлеріне құндылықтарды беру

- Консультациялық қызметтерге төленетін ақы:

Тамақ пен сусынға, жол жүру мен тұруға кететін шығындарды қоспағанда, денсаулық сақтау қызметкеріне АЛКАПОИД компаниясы тарапынан консультациялық кеңестің сарапшысы ретінде жұмыс істеу, кәсіби, ғылыми немесе басқа да іс-шараларда баяндама жасау, фокус-топтарға қатысу және басқа да қызметтер көрсету секілді қызметтер үшін жалпы гонорар төленеді. Зерттеулер мен әзірлемелерге немесе нарықтық зерттеулерге қатысты төлемдер осы құжат аясында қарастырылмайды.

2. Пациенттер ұйымдарына / қауымдастықтарына құндылықтарды беру

- Қаржылық қолдау немесе заттай көмек.
- Қызметтер үшін төлем: әрбір пациенттер ұйымы / қауымдастығымен жасалған шарт шеңберінде көрсетілетін қызметтер, оның ішінде берілген құндылықтардың сипаттамасы және ұсынылған сома көрсетілуі тиіс.

3. Медициналық ұйымдарға құндылықтарды беру

- Қаржылық қолдау немесе заттай көмек көрсету
- Қызметтерге ақы төлеу: әрбір медициналық ұйымға келісімшарт бойынша көрсетілетін қызметтер аясында, берілетін құндылықтардың сипаттамасы және ұсынылған сома көрсетіледі.
- Құндылықтарды беру жеке тәртіппен жүзеге асырылады, алушының аты-жөні тиісті келісімшарт негізінде көрсетіледі. АЛКАПОИД компаниясы құндылықтарды бергенде жергілікті салық заңнамасының талаптарын, соның ішінде денсаулық сақтау қызметкерлерімен жасалатын шаруашылық операцияларды рәсімдеу кезінде, қатаң сақтауға міндеттенеді.

Қажет болған жағдайда, жергілікті заңнамаға сәйкес немесе тараптардың келісімі бойынша, АЛКАПОИД денсаулық сақтау қызметкерлеріне оларға берілген құндылықтардың жалпы құны мен сәйкес беру нәтижесінде туындаған салық міндеттемелері туралы жылдық есеп береді.

- АЛКАПОИД компаниясы ұйымдастырған іс-шараларға немесе өзге де ғылыми-кәсіби іс-шараларға қатысты құндылықтарды беру бойынша құжаттама мен ақпаратты ашу осы құжатта төменде сипатталған тәртіппен жүзеге асырылады.
- Белгілі бір денсаулық сақтау қызметкеріне қаржылық қолдау / көмек көрсетілген іс-шаралардың жалпы саны (бірақ нақты ақша сомасы емес) көрсетіледі. Мұндай қолдау (тіркеу жарналары, жол жүру және / немесе тұру шығындарын төлеуді қоса алғанда) әрбір қызметкер бойынша келесі санаттар мен ішкі санаттарда құжатталады:
- Үшінші тараптар ұйымдастырған конгрестерге қатысуды қаржыландыру, оған АЛКАПОИД компаниясы тіркеу жарналарын, жол жүру мен тұру шығындарын төлейді;
- АЛКАПОИД АД Скопье кәсіпорындарына бару;
- АЛКАПОИД компаниясы демеушілік ететін іс-шаралар, оған денсаулық сақтау қызметкерінің жол жүру және / немесе тұру шығындарын демеуші өтейді.

9.2 ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ БЕРУ ТУРАЛЫ ЕСЕПТІЛІК ӘДІСНАМАСЫ

АЛКАЛОИД компаниясы құндылықтарды беру туралы деректерді сәйкестендіру және ашып көрсету үшін нақты белгіленген әдіснаманы қолданады.

9.3 ДЕРЕКТЕРДІҢ ҚҰПИЯЛЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ТАРАПТАРДЫҢ КЕЛІСІМІ

Жеке деректерді қорғау жөніндегі қолданыстағы ережелерге және жергілікті заңнама талап ететін көлемде, АЛКАЛОИД компаниясы құндылықтарды беру кезінде денсаулық сақтау қызметкерінің жеке деректері жариялануға жататын болса, оның келісімін сұратуға міндетті.

Егер денсаулық сақтау қызметкері дербес деректердің құпиялылығы жөніндегі қолданыстағы заңдар мен нормативтік актілерге сәйкес талап етілетін келісімін беруден бас тартса, АЛКАЛОИД компаниясы мұндай денсаулық сақтау қызметкеріне қатысты берілген құндылықтар туралы ақпаратты оның жеке деректерін жекелендірмей ашатын болады. Егер бірнеше денсаулық сақтау қызметкері келісім беруден бас тартса, онда берілген құндылықтар туралы ақпарат біріктірілген түрде ұсынылады және сәйкес біріктіруге енгізілген денсаулық сақтау қызметкерлерінің жалпы саны көрсетіледі.

Денсаулық сақтау қызметкерлерінің жеке деректерін қорғауға қатысты АЛКАЛОИД компаниясы өз корпоративтік жүйесі аясында Еуропалық Одақтың жеке деректерді қорғау жөніндегі Жалпы регламентіне (GDPR) сәйкестік стандарттарын қолдайтын техникалық және ұйымдастырушылық шараларды қолданады.

GDPR сәйкестік стандарттары Еуропалық Одақтың жеке деректерді қорғау жөніндегі Жалпы регламенті қолданылмайтын елдердегі АЛКАЛОИД еншілес компаниялары денсаулық сақтау қызметкерлері мен пациенттердің жеке деректерін жергілікті заңнамамен белгіленген деңгейден әлдеқайда жоғары деңгейде қорғауды қамтамасыз етуі тиіс екенін білдіреді. Денсаулық сақтау қызметкерлері мен пациенттердің жеке деректерін жинау, өңдеу және ашу әрбір нақты жағдай бойынша олардың алдын ала берген келісімін талап етеді.

9.4 АҚПАРАТТЫ АШУ ПЛАТФОРМАСЫ

Егер АЛКАЛОИД компаниясы немесе оның еншілес кәсіпорны жеке өз атынан құндылықтарды беру туралы ақпаратты жариялауға міндетті болса, бұл ақпаратты жариялау қоғамның оған қол жеткізуіне мүмкіндік беретін түрде жүзеге асырылуы тиіс. Сонымен қатар, ақпаратты жариялау қолданыстағы жергілікті заңнама мен тараптар арасындағы келісімдерге қатаң сәйкес жүргізіледі. Бұл дегеніміз, ақпаратқа қол жеткізу АЛКАЛОИД компаниясының немесе еншілес кәсіпорнының ресурстарында және/немесе орталық платформада (үкімет, реттеуші немесе кәсіби қадағалау органы ұсынған) қамтамасыз етілуі мүмкін.

10. ЖАҒЫМСЫЗ ЖАҒДАЙЛАР ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАЛАР

Пациенттердің және пайдаланушылардың қауіпсіздігі, сондай-ақ жағымсыз жағдайлар туралы уақытылы хабарлау аса маңызды болып табылады. Барлық қызметкерлер, АЛКАПОИД компаниясының өкілдері, сондай-ақ АЛКАПОИД атынан әрекет ететін үшінші тұлғалар фармакологиялық қадағалау менеджеріне өз еңбек міндеттерін орындау немесе АЛКАПОИД-пен басқа келісімшарт

негізінде қызмет көрсету барысында белгілі болған кез келген жағымсыз жағдайлар немесе фармакологиялық қадағалаумен байланысты басқа мәліметтерін келесі жұмыс күніне дейін хабарлауға міндетті, олар бұл жағдайлардың АЛКАПОИД компаниясының дәрілік препараты немесе медициналық өнімімен байланысты екенін немесе байланысты еместігі есепке алынбайды.

11. КОДЕКС ТАЛАПТАРЫ БҰЗЫЛҒАН ЖАҒДАЙДАҒЫ РӘСІМДЕР

АЛКАПОИД компаниясы барлық қызметкерлерінен денсаулық сақтау қызметкерлерімен қарым-қатынастарда жоғары деңгейдегі корпоративтік жауапкершілікті талап етеді және күтілетін деңгейге қояды. Біз әрдайым өз серіктестерімізге деген көзқарасымызда және олармен өзара әрекеттесуімізде жоғары этикалық стандарттарды сақтауды, сондай-ақ өзіміздің бизнес мақсаттарымызға жетуді күтеміз. АЛКАПОИД компаниясы өз қызметін жүзеге асыратын барлық елдерде біздің қызметкерлеріміз компанияның саясаттары мен стандарттарына, жергілікті заңдар мен ережелерге, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы кәсіби мамандармен өзара әрекеттесуді реттейтін жергілікті салалық стандарттарға сәйкес әрекет етуге міндетті.

АЛКАПОИД компаниясы қатаң корпоративтік реттеу жүйесін орнатты, бұл компанияның денсаулық сақтау қызметкерлерімен өзара әрекеттесу кодексiнiң сақталуын қамтамасыз ету және компанияның этикалық бейнесін

ұсыну үшін қолданылатын саясаттар, актілер, функциялар, процестер, бақылау механизмдері мен құралдарының барлық қамтитын жүйесін білдіреді. Яғни, бұл жүйе АЛКАПОИД компаниясының кез келген қызметкерінің этикалық кодексті бұзу тәуекелін төмендетуге бағытталған және корпоративтік этиканы сақтауды және дамытуды көздейді.

АЛКАПОИД компаниясында Кодекс бұзылған жағдайда бақылау жүргізу, шешім қабылдау және әрекет ету міндеті жүктелген қызметкерлер арасындағы өзара әрекеттесу жүйесі бар:

- АЛКАПОИД АД Скопье компаниясының корпоративтік комплаенс бақылаушы маманы,
- Комплаенс бақылау жөніндегі корпоративтік комиссия,
- АЛКАПОИД компаниясының еншілес кәсіпорындары бойынша корпоративтік комплаенс бақылаушы мамандар.

АЛКАЛОИД компаниясының барлық қызметкерлеріне, сондай-ақ оның іскерлік серіктестеріне және әріптестеріне Кодексті бұзу фактілері мен ықтимал мүмкіндіктері туралы келесі арналар арқылы хабарлауы міндеттеледі:

- АЛКАЛОИД компаниясының веб-сайтында орналасқан AlkaSpeakUp веб-формасы;
- АЛКАЛОИД АД Скопье компаниясының корпоративтік комплаенс маманымен +38972918245 телефоны арқылы немесе еншілес кәсіпорындардың корпоративтік комплаенс мамандарымен олардың телефон нөмірлері арқылы байланысу;
- АЛКАЛОИД АД Скопье компаниясының корпоративтік комплаенс маманының электронды поштасы: complianceofficer@alkaloid.com.mk
- немесе еншілес кәсіпорындардың корпоративтік комплаенс мамандарының электронды поштасы арқылы байланысу.

Корпоративтік комплаенс комиссиясы Кодексті бұзу туралы негізделген хабарлама болған жағдайда тексеру жүргізуге жауапты.

Комиссия АЛКАЛОИД компаниясының органы болып табылады, ол Кодекс бұзылғаны туралы АЛКАЛОИД компаниясының қызметкерінен, үшінші тұлғадан, бизнес серіктесінен немесе

АЛКАЛОИД компаниясымен қарым-қатынастағы басқа субъектіден түскен шағым бойынша барлық фактілер мен жағдайларды анықтау үшін тергеу жүргізуге міндетті. Комиссияның мақсаты - жағдайдың нақты мән-жайларын анықтау, соның негізінде компания басшылығы бұзушыға қатысты шаралар мен санкциялар қолдану туралы негізделген шешім қабылдай алады.

Егер ұсынылған фактілер Кодекстің бұзылғанын айқын және даусыз дәлелдесе, онда рәсімге сәйкес Комиссия Кодекстің бұзылуы туралы қорытынды жасап, санкцияларды енгізу және қолдану туралы ұсыныс жасайды, бұл ұсыныс АЛКАЛОИД компаниясының басшылығына немесе компанияның тиісті филиалына жіберіледі, онда басшылық ықпал ету шараларын және санкцияларды қолданады.

Кодекстің бұзылғанын анықтау және бұзушылыққа қатысты шешім қабылдау рәсімі корпорацияның барлық деңгейлерінде қолданылады, яғни Корпоративтік комплаенс комиссиясы еншілес кәсіпорындардың қызметкерлері тарапынан жасалған Кодекс бұзушылықтары туралы шешімдер қабылдайды. Еншілес кәсіпорынның комплаенс бақылаушы маманы Комиссия жұмысына, тергеуге және шешім қабылдауға қатысады.

12. КҮШІНЕ ЕНУ ЖӘНЕ БЕЙІМДЕЛУ

Осы Кодекстің ережелері АЛКАПОИД АД Скопье Басқармасы оны бекіткен күннен, 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

АЛКАПОИД АД Скопье филиалдары үшін 2020 жылдың соңына дейін енгізу және бейімдеу кезеңі көзделген, одан кейін Кодекс қолданысқа енгізілген деп есептеледі.

Барлық еншілес кәсіпорындар 2021 жылы берілген барлық құндылықтар туралы деректерді құжаттап, комплаенс бақылау бөлімдеріне 2022 жылғы 15 ақпаннан кешіктірмей ұсынуға және / немесе қолданылатын жағдайда олар туралы ақпаратты жариялауға міндетті.





www.alkaloid.com.mk
e-mail: alkaloid@alkaloid.com.mk

Денсаулық бәрінен жоғары